

Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «№ 74 ЖОББМ»КММ

Топ: Мектепалды даярлық 0 «А»

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 02.05 – 05.05. 2022-2023 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 01.05		Сейсенбі 02.05	Сәрсенбі 03.05	Бейсенбі 04.05	Жұма 05.05
08:30-09:00 Балаларды қабылдау	Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме,баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар.					
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру.					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс					
		Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын әрекеті(үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.); Үстел үсті ойындары: «Айбынды Әскер» суреттер жинау Мақсаты: Балалардың әскери көлік туралы білімдерін бекіту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; Армиямызға деген мақтаныш сезімін ояту. Ойын барысы: Балаларға танк, әскери ұшақ, әскери тікұшақ, әскери катер, суасты қайық, әскери көліктің бөлінген суреттері ұсынылады. Бөлшектерден тұтас кескінді құрастыруды ұсыныңыз. Ойынның нұсқалары: балалар жұппен бөліктерден тұтас суретті құрастырады.	Танымдық және зияткерлік дағдылары Үстел үсті ойындары: «Әскерде кімге қызмет етемін?» Мақсаты: балалардың әскери мамандықтар туралы білімдерін бекіту; қиялын дамыту; Отанымызға деген мақтаныш сезімін ояту. Ойын барысы: Балалардың алдына қару-жарақ, құрал-жабдық, әскери қызметшілер пайдаланатын заттар мен атрибуттар бейнеленген суреттер немесе фотосуреттер қойылады. Баланың таңдауы бойынша әскери мамандықты анықтау керек. Бала өскенде қай әскерде қызмет еткісі келетінін көрсетіп айтады.	Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті Сәйкестендіру ойыны: Ойын – жаттығу: «Әскери мамандықты тап» Мақсаты: балалардың әскери мамандықтар туралы білімдерін бекіту (танкер, әскери ұшқыш, артиллерист, шекарашы және т.б.); байқағыштық, есте сақтау қабілеттерін дамыту; Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ойын барысы: Жүргізуші (бала) әскери мамандықтардың бірінің өкілін сипаттайды. Балалар жүргізушінің кім ойлағанын сипаттамалық белгілер бойынша анықтауы керек. Кім бірінші болжаса, сол көшбасшы болады.	Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет Мозайка құрастыру ойыны:«Біздің шекарамызды кім қорғайды» Мақсаты: балалардың әскери әуе, құрлық, теңіз көлігі туралы білімдерін бекіту; танымдық белсенділікті дамыту; өз елінің патриоттарын тәрбиелеу. Ойын барысы: ҚР картасынан мұғалім еліміздің шекарасын көрсетеді. Балалардың назарын шекараның құрлықпен ғана емес, сумен де өтетіндігіне аударады. Шекараны әуе көлігімен де кесіп өту мүмкін еместігін нақтылайды. Балалар педагогтың шекараны қандай әскери көлік түрі қорғайды деген сұрақтарына жауап береді. Жауабыңызды негізденіз.	

		әрекеті. ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Диаметрі кішкентай доппен орындалатын жаттығулар(қайталау) №1 жаттығулар кешені 1.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1– қолдарын екі жаққа созу; 2 – қолдарын жоғары көтеріп, допты сол қолына алу; 3 – қолдарын екі жаққа созу; 4 – б.қ. (8 рет) 2.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2 – оңға бұрылып, допты еденге ұрып, қайта екі қолмен қағып алу; 3-4 – б.қ. (8 рет) 3.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– алдыға еңкею, допты сол аяғының артынан сол қолына алу; 3-4– денені түзеп тұру, сол қолдан оң қолға допты ауыстыру. (8 рет) 4.Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, оң қолына доп алып тұру. 1-2– отырып, допты еденге ұрып, қайта қағып алу; 3-4– б.қ. (8 рет) 5.Б.қ.: тізерлеп тұру. Өкшелеп отырып, допты оң қолына алу; 1-4– оңға иілу; допты оңға қарай сыртқа домалату; 5-8– б.қ.: сол жаққа қайталау (8 рет) 6.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын беліне қою, допты еденге қою. Допты айналып, оңға (солға) екі аяғын кезектестіріп секіріп айналу мен жай жүрісті алмастырып орындау.	ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Диаметрі кішкентай доппен орындалатын жаттығулар(қайталау) №2 жаттығулар кешені 1.Б.қ.: еркін тұру. Допты кеудесінен жоғарыға көтеру; жоғары, қайта кеудесіне, төмен, қайта кеудесіне ауыстыру. (8–10 рет) 2.Б.қ.: еркін тұру. Қолдарын кеуде тұсына қою; оңға (солға) бұрылу; доп ұстап тұрып, қолдарын бұрылған жағына апару. (8–10 рет) 3.Б.қ.: тұру, алға еңкею, допты оң (сол) аяқтарын айналдырып дөңгелету, денесін қайтатүзеу. (8–10 рет) 4.Б.қ.: еденге қолдарын арт жағында жерге тіреп отыру; допты екі аяғының басымен қысып ұстап, түсіріп алмай, аяқтарын бұғу, қайта созу. (8–10 рет) 5.Б.қ.: арқасына шалқалап, қолдарына допты басынан асырып ұстап жату; арқасынан ішіне, ішінен арқасына қарай аударылып, дөңгелеу. (8–10 рет) 6.Б.қ.: оң аяқ, сол аяқпен бір орында тұрып, аяқтарын кезектестіріп, секіру. (2-3 рет).	ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Диаметрі үлкен доппен орындалатын жаттығулар(қайталау) №1 жаттығулар кешені 1.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1-2– допты басынан асырып барып, артқа жіберіп, аяқ басына көтерілу, демін ішіне тарту; 3-4– б.қ. – демін сыртқа шығару. 10 рет қайталау. 2.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарын бүгіп, доп алып тұру. 1-2– доп ұстаған қолын жанына қарай апарып, оңға (солға) бұрылу; 3-4– б.қ.: аяқтарын бүкпей, түзу ұстау. 5 рет қайталау. 3.Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1-3– оңға (солға) иіліп, допты аяғынан айналдыра дөңгелету; 4- б.қ. 4 рет қайталау. 4.Б.қ.: арқасымен шалқалап жату, допты басынан жоғары көтеру. Допты бір жағынан екінші жағына өзін айналдыра дөңгелету. 5-6 рет қайталау. 5.Б.қ.: қолын артынан еденге таянып отыру, допты балтырының тұсына қою. 1-2– аяқтарын түзу созу, жоғары көтеріп, допты балтыр тұсымен оңға-солға дөңгелету; 3-4– б.қ. Басын төмен түсірмеу. 4–6 рет қайталау. 6.Б.қ.: етпеттеп жатып, допты түзу аяқтарының ортасына қысу; қолдарының	ӘДІСТЕМЕЛІК КУӘЛІК Диаметрі үлкен доппен орындалатын жаттығулар(қайталау) №2 жаттығулар кешені 1.«Допты жоғарыға». Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолдарына доп алып тұру. 1 – қолдарын бүгіп, допты кеуде тұсына ұстау; 2 – допты жоғары көтеру; 3 – допты кеуде тұсына ұстау; 4 – б.қ.к. (8 рет). 2.«Отырып-тұру». Б.қ.: аяқтарын табан еніндей ашып, қолын бүгіп, доп алып тұру. 1 – отыру, допты алдына шығару; 2 – тұру, б.қ.к. (8 рет). 3.«Еңкею». Б.қ.: аяқтарын иық еніндей ашып, қолына доп алып кеуде тұсына ұстап тұру. 1 оң аяғына қарай иілу; 2-3 – допты оң жағына оң қолымен домалату, екі қолымен алу; 4 – б.қ.к. (8 рет). 4.«Қайық». Б.қ. – етпетінен жатып, аяқтарын біріктіру, допты қолдарында ұстау. 1-3 – қолдарын жоғары көтеру, допқа қарау; 4 – б.қ.к. (8 рет) 5.«Отырып иілу». Б.қ.: отыру, аяқтарын аздап ашу, допты арасына қою; 1-2 – аяқтарын бүкпей допты ілгері домалату; 3-4 – допты артқа дөңгелету. 6.«Секірулер». Б.қ.: – аяқтарын аздап ашу, допты еденге қою. Допты айнала екі аяқпен секіріп жүру. 8 рет
--	--	---	--	---	---

					шынтағымен еденге тірену; аяқтарын допты түсірмей бұғу, жазу. 3–5 рет қайталап, үзіліс жасап, 4–6 рет қайталау.	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты						
09.00 11.50 ҰІӨ	09.00-09.30 09.40-10.10 10.40-11.10 11.20-11.50	01.05.23 Дүйсенбі	02.05.23 Сейсенбі	03.05.23 Сәрсенбі	04.05.23 Бейсенбі	05.05.23 Жұма
			Сауат ашу негіздері Қоршаған ортамен танысу Жапсыру Музыка	Математика негіздері Көркем әдебиет Сауат ашу негіздері Дене шынықтыру	Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Музыка	Сауат ашу негіздері Көркем әдебиет Қоршаған ортамен танысу Дене шынықтыру
«Ас – адамның арқауы» түскі ас. 10:10-10:40		Түскі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Кезекшілік жұмысын ұйымдастыру.Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту.				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер						
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты:09.00-09.30						
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӨ		1. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік,таным-дық әрекет ҰІӨ тақырыбы: Біз нені үйрендік? ҰІӨ мақсаты: дыбыстық талдау жасауды жалғастыру. Сөйлем құрауға, сөйлем сызбасын сызуға, берілген буыннан басталатын сөз ойлап айтуға, төрт дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету меңгерту. Дағды: Сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы есте сақтау және логикалық ойлауларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды, сөздердің жалпы	1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері ҰІӨ тақырыбы: Тәулік уақыты, апта күндері, оқиға тізбегі. ҰІӨ мақсаты: уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру. Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту. Логикалық ойын тапсырмаларын орындауға үйрету. Дағды: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Меңгереді: «кеше, бүгін,	1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері ҰІӨ тақырыбы: Тәулік уақыты, апта күндері, оқиға тізбегі. ҰІӨ мақсаты: уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру. Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту. Логикалық ойын тапсырмаларын орындауға үйрету. Дағды: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Меңгереді: «кеше, бүгін,	1. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет ҰІӨ тақырыбы: Біз не білеміз? ҰІӨ мақсаты: өткен тақырыптарды естеріне түсіріп қайталату. Сызба бойынша сөйлем құрауға, сөйлемді мағынасына байланысты толықтыруға үйретуді жалғастыру. Дағды: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру, сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: сөйлем құрайды, сөйлемді мазмұнына қарай аяқтайды. Түсінеді: дауысты, дауыссыз дыбыстардың сөздегі орнын, тиым сөздердің мағынасын түсінеді. Қолданады: дыбыстарды	

		атауын атайды, сөйлем құрайды, сөйлем сызбасын сызады, сөздерді буынға бөледі, дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады, буынға -буын жалғап сөз құрайды. Түсінеді: карама қарсы сөздердің мағынасын. Қолданады: дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады, буынға -буын жалғап сөз құрайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Ой қозғау: «Жалпы атауын айт» дидактикалық ойынымен оқу қызметін бастайды. Сиыр, ешкі, қой, жылқы – . Тау, ағаш, гүл, тас – . . . Қазан, қасық, кесе, тәрелке Қаймақ, ботқа, ірімшік, май Түсіну: Дидактикалық ойын: «Сөз жарыс» – Мен бір тақырып айтамын, сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: Жабайы аңдар, жәндіктер, ыдыстар т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады). Қаламдарды санау арқылы жеңімпаз анықталады. Дидактикалық ойын: «Буынды айтып сөз құра» Ойын шарты: педагог айтқан буынға балалар сөз құрап айтады. Мысалы: <i>Ал. . . ма , ба. . . қа., са...ғыз, ал...мұрт, ма..., ке...ме, де..., шал...қар, қа...зы, ти.яз, бә...тенке, т.б.</i> Балалар сендердің дендерің сау, мықты болып өсу үшін дәрумендері мол, балғын	ертең» сөздерін, апта күндерін, тәулік мезгілдерін атауды; Түсінеді: оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін; Қолданады: жұмбақты шешу білігін, тәулік мезгілдерін, апта күндерін білуді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Миға шабуыл: Ойын жағдаяты. «Не істегенімізді айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз» ойынын ұйымдастырады. Қолдану: Ойын жаттығуы: Мен сөйлемді бастаймын, ал сендер жалғастырыңдар. Алдымен көктем, одан кейін Алдымен күн..., одан кейін... Алдымен дүйсенбі, одан кейін Алдымен бүгін, одан кейін Алдымен қаңтар, одан кейін Мұқият тыңдап, сөйлемді мағынасына сәйкес жалғастырады: Түсіну: «Жанды апта» дидактикалық ойыны ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар тандаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып: «Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с. Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді. -Барлық демалыс күндерін атаңыз. -Аптаның екінші күнін атаңыз.	ертең» сөздерін, апта күндерін, тәулік мезгілдерін атауды; Түсінеді: оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін; Қолданады: жұмбақты шешу білігін, тәулік мезгілдерін, апта күндерін білуді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Миға шабуыл: Ойын жағдаяты. «Не істегенімізді айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз» ойынын ұйымдастырады. Қолдану: Ойын жаттығуы: Мен сөйлемді бастаймын, ал сендер жалғастырыңдар. Алдымен көктем, одан кейін Алдымен күн..., одан кейін... Алдымен дүйсенбі, одан кейін ... Алдымен бүгін, одан кейін Алдымен қаңтар, одан кейін Мұқият тыңдап, сөйлемді мағынасына сәйкес жалғастырады: Түсіну: «Жанды апта» дидактикалық ойыны ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар тандаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып: «Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с. Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді. -Барлық демалыс күндерін атаңыз. -Аптаның екінші	ажыратады, тиым сөздерді қолданады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Ой қозғау: «Артығын тап» 1.Кесе, тәрелке, қазан, қасық, асық .(асық) 2.Жылқы, қой, қозы, түйе, бие, шие. (шие) 3.Шахмат, хоккей, футбол, волейбол, бокс, фокус. (фокус) 4.Пияз, қияр, қызанақ, сәбіз , жүзім. (жүзім) 5.Балға, балта, ара, егеу, шеге, терезе. (терезе) Түсіну: Ойын: «Сөз тізбегі» Допты беріп сөз айтады, бала сөз аяталған дыбыстан басталатын сөз бір сөз айтып допты келесі балаға береді. Ойынға барлық бала қатысыды. Сөздің басындағы және соңындағы дыбыстарды мұқият тыңдау, дұрыс айту ескертіледі. Мысалы: <i>алиа-алмұрт-тарақ-қант-тау-уық-қалам-мал-лақ-қазан-нағашы-ыдыс- сағыз-зәкір-рауғаш-шар-радио-ожау-уыс-сәбіз, Зарина-алқа-аю.</i> «Дыбысты тап» дидактикалық ойыны Қоңыз сөзінде жуан дауысты «о» дыбысы нешінші буында естіліп тұр. Қозы сөзінде жуан дауысты «ы» дыбысы нешінші буында естіліп тұр. Қораз сөзінде жуан «а» дауысты дыбысы нешінші буында естіліп тұр. Тауық сөзінде жуан» ы» дыбысы нешінші буында естіліп тұр. «Сөздің бірінші дыбысын айт» дидактикалық ойыны Мен сендерге сурет көрсетем, сендер суретті атап, бірінші
--	--	---	---	--	---

		тағамдармен коректенулерін керек. Қолдану: Дидактикалық жаттығу: «Қарама-қарсы сөзді айт» <i>Майлы – ... (майсыз).</i> <i>Сұйық – ... (қою).</i> <i>Ащы – ... (тұщы).</i> <i>Дәмді – ... (дәмсіз).</i> <i>Қатты – ... (жұмсақ).</i> <i>Ұнайды – ... (ұнамайды).</i> Балалар қарама-қарсы сөздерді айтады. Білу: Дыбыстық талдау жаса. Ыдыс, ешкі, құрт сөздеріне дыбыстық талдау жасау Ыдыс сөзіне дыбыстық талдау. <i>Ыдыс</i> сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар Ы – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Д – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. Ы – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. С – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. Құрт сөзінің дыбыстық талдауы. <i>Құрт</i> – 1 буын, 4 дыбыс. Қ – қатаң дауыссыз дыбыс, Ұ – жуан дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Р – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. Ешкі сөзіне дыбыстық талдау. <i>Ешкі</i> – 2 буын, 4 дыбыс. Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз. К – қатаң дауыссыз , көк түспен белгілейміз.	10 - кестедегі демонстрациялық материалмен жұмыс. Білу: 1-тапсырма. - Қыз аптаның әр күнінде не істегенін айтып бер. Сен жексенбі күні не істегенінді есіңе түсір? Дүйсенбі күні ше? - Балаларды жыл айларын дұрыс ретімен атауды ұсынады. Жарыстар ұйымдастырады - айларды дұрыс атаған балаларды фишкамен мадақтайды. 2-тапсырма Сөйлемдерді тыңдайды, суреттерді дұрыс ретімен сызып қосады. Дүйсенбі күні күн ашық болды. Сәрсенбі күні қатты жел соқты. Бейсенбі күні күн бұлтты болды. Сенбіде найзағай ойнады. Жексенбіде жаңбыр жауды. Тапсырманы талқылайды, сол жағындағы цифрлар апта күндерін бағдарлайды, табиғат құбылыстары бар суреттерімен сызып қосады. 3-тапсырма Уақытты циферблатпен айту қаншалықты маңызды екенін сұрайды. Суретте не бейнеленген? Сағат неше болғанын көрсетіп тұр? Циферблатта қандай сан жетіспейді? Жазуды ұсынады. 4-тапсырманы орындау Суреттегі айырмашылықтарын табады. Қанша айырмашылық тапса,	күнін атаңыз. 10 - кестедегі демонстрациялық материалмен жұмыс. Білу: 1-тапсырма. - Қыз аптаның әр күнінде не істегенін айтып бер. Сен жексенбі күні не істегенінді есіңе түсір? Дүйсенбі күні ше? - Балаларды жыл айларын дұрыс ретімен атауды ұсынады. Жарыстар ұйымдастырады - айларды дұрыс атаған балаларды фишкамен мадақтайды. 2-тапсырма Сөйлемдерді тыңдайды, суреттерді дұрыс ретімен сызып қосады. Дүйсенбі күні күн ашық болды. Сәрсенбі күні қатты жел соқты. Бейсенбі күні күн бұлтты болды. Сенбіде найзағай ойнады. Жексенбіде жаңбыр жауды. Тапсырманы талқылайды, сол жағындағы цифрлар апта күндерін бағдарлайды, табиғат құбылыстары бар суреттерімен сызып қосады. 3-тапсырма Уақытты циферблатпен айту қаншалықты маңызды екенін сұрайды. Суретте не бейнеленген? Сағат неше болғанын көрсетіп тұр? Циферблатта қандай сан жетіспейді? Жазуды ұсынады. 4-тапсырманы орындау Суреттегі айырмашылықтарын табады.	дыбысын анықтап айтасындар. Балаларды екі командаға бөледі, бірінші бір командамен содан кейін екінші командамен ойнайды. Мысалы: <i>ыдыс (ы), уық (у), әткеншек(ә), өрмекші(ө), ешкі(е), элеватор(э), ірімшік(і), ине(и), үтік(ү), арыстан(а), оймақ(о), ұлу(ұ), апельсин (а), оқтау (о), ұя (ұ), әтеш(ә), өшіргіш(ө), етік(е), экскаватор(э), ілгіш(і), ит(и), үкі(ү) т.б.</i> Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттындар? Дауысты дыбыстардан басталатын сөздер. Дауысты дыбыс екенін қайдан білдіңдер? Дыбысты айтқанда кедергіге ұшырамайды. Қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер: <i>кілт (к), киіз (к), қант (қ), тышқан (т), шымшық (ш), пима (п), сақина (с), хат (х), циркуль (ц), щетк (щ), күре к(к), трактор (т), сағыз (с), тау (т), қайшы (қ), фабрика (ф), қамшы (қ), парта (п), шар (ш), сиыр (с), су (с), қап (қ) т.б.</i> Балалар, сендер қандай дыбыстардан басталатын сөздер айттындар? Қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер. Дұрыс. Өйткені ауыз қуысынан кедергіге ұшырап шығып тұр, тек салдырдан тұрады, созып айтылмайды Қолдану: «Сөйлемді толықтыр» дидактикалық ойыны Педагог сөйлемді бастайды, ал балалар аяқтайды. Мысалы: Асхат таңертең ... (<i>бақшаға барды</i>).
--	--	--	--	---	--

		I – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Поэзиялық сәт:Балдырғандар маршы Адымдаймыз көңілді, Алға қарай сенімді. Тік көтеріп кеудені, Адымдаймыз жігерлі. Адымдаймыз көңілді, Алға қарай сенімді. Шеңбер болып тұрайық, Дөңгелекті құрайық. Саусақ жаттығуы Алақанның біреуін, Кері қарай бұрайық. Алақаны демалсын, Қол үстінен ұрайық.	сонша дөңгелек салады. Суреттерді бірдей етіп жасайды.	Қанша айырмашылық тапса, сонша дөңгелек салады. Суреттерді бірдей етіп жасайды.	Анамның ертең ... (<i>туған күні</i>). Маржан кеше ... (<i>ерте тұрды</i>). Балалар қатты ... (<i>қуанды</i>). Ерланның иті ... (<i>қабаған</i>). Менің сіңілім ... (<i>мысықты жақсы көреді</i>). Әкем көп ... (<i>жұмыс жасайды</i>). Достарым мені ... (<i>сыйлайды</i>) . Әжем бауырсақ ... (<i>пісірді</i>) . Бізге кешігуге (<i>болмайды</i>). Балалар, сендер тыйым сөздерді білесіңдер ма? Тыйым сөздер деген не? Тыйым сөздерді үлкендерден естігендерің бар ма? Балалардың жауабы тыңдалады. Білу: Дидактикалық ойын: «Дұрыс көрсет» Балаларға дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтады, балалар сөз қатаң дыбыстан басталса, көк төртбұрыш, ұяң дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті дөңгелекті, ал егер сөз үнді дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті үшбұрышты көрсетеді және қандай дауыссыз екенін атап береді. Поэзиялық сәт: -Екі көзің не үшін керек? -Жақсыларды көру үшін! -Екі қолың не үшін керек? -Елге көмек беру үшін! -Құлақ деген не үшін керек? -Ақыл-кеңес тыңдау үшін! -Жүрек деген не үшін керек? -Жауларыңнан қаймықпау үшін! -Тіл мен жағың не үшін не керек? -Ақиқатты айту үшін! -Ал аяғың... -Ал аяғың сыртта жүрсең -Туған жерге қайту үшін! Саусақ жаттығуы Екі үйрек келеді, Бірін-бірі көреді.
--	--	--	---	--	---

				Бір-біріне қарайды, Сәлемдесіп алады.
1 үзіліс - 09:30 - 09:40 Балалардың дербес іс-әрекеті Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады. Сюжеттік-рөлдік ойын: «Әскери» Мақсаты: ойын сюжетін шығармашылық түрде дамыту қабілетін қалыптастыру. Мектеп жасына дейінгі балаларда соғыстағы батырлар туралы нақты идеяларды, олардың Отан үшін жасаған ерліктерінің моральдық мәнін қалыптастыру. Балалардың бойында патриоттық сезімді, өз Отанына деген мақтаныш сезімін, адамдардың ерлігіне таңдануды тәрбиелеу.				
		 Сюжеттік-рөлдік ойын: «Әскери» Мақсаты: ойын сюжетін шығармашылық түрде дамыту қабілетін қалыптастыру. Мектеп жасына дейінгі балаларда соғыстағы батырлар туралы нақты идеяларды, олардың Отан үшін жасаған ерліктерінің моральдық мәнін қалыптастыру. Балалардың бойында патриоттық сезімді, өз Отанына деген мақтаныш сезімін, адамдардың ерлігіне таңдануды тәрбиелеу. Материал: сарбаздар мен әскери техникалар жиынтығы, медбикелерге арналған орамалдар. Ойынға дайындық: әскери тақырыптағы суреттерді қарау, шығармаларды оқу: Л.Кассиль "Бас Армия", "Кеңес сарбазына ескерткіш", Я.Друганский "Сарбаздар не істей алады". Әдістемелік нұсқаулар: – Бүгін біз бұл суреттерді оңай қарастырмаймыз. Бір салтанатты күні біздің еліміз өте маңызды және есте қаларлық мерекені атап өтеді. Бұл қандай мереке екенін кім біледі? (Жеңіс күні). Бұл төрт жылға созылған және халқымыздың жеңісімен аяқталған Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні. Бұл өте қорқынышты соғыс болды. Фашистер біздің елімізді басып алып, халқымызды құлдыққа алғысы келді, бірақ олар жетістікке жете алмады. Төрт жыл бойы, күн сайын, ай сайын, жыл сайын біздің халқымыз фашистік армиямен шайқасты. Және, ақырында, жеңіске жетті. Себебі әділеттілік үшін күресіп, соя Отанын, халқын қорғаған адам әрқашан жеңіске жетеді. Бүгін біз "әскери" ойынын ойнаймыз. Ол үшін рөлдерді бөлу керек. Біздің ойынның негізгі қатысушылары кім екенін айтыңыз (әскери, сарбаздар, командирлер, ұшқыштар). Топтың орталығындағы әскери әрекеттер. Біз екі командаға бөлініп, өз орындарымызды аламыз. Ұрыс кезінде жараланғандар болады, сондықтан бізге медсанбат керек. Медсанбате болады еңбек етіп, дәрігер және медбике. Жауынгерлерімізді жеңуге көмектесу үшін тылда жұмыс жасау керек. Ол үшін снарядтар мен әскери техника шығаратын әскери зауыт ұйымдастырамыз. (Әскери зауытқа жұмысқа тағайындаймыз). Ұрыс кезінде кейде тыныштық болады, содан кейін дала асханасы пайда болады, олар сарбаздарға тамақ әкеледі. Бірақ алдымен оны дайындау керек. Мұны аспаз жасайды. Ал қыздар үй мен балалармен айналысады. Барлық рөлдер таратылды, енді ойынды бастаймыз. Соғыста орыс сарбаздары жеңіске жетті, ал бізде Достық бар. Мобильді ойын "Кім жылдам?"»		

			Ұсыныс: Армиядағыдай бірнеше қатарға орналастырылған орындықтарда гимнаст, комбинезон, жадағай, буденовка, бескозырка бар. Команда бойынша балалар мүмкіндігінше тез киінуі немесе қуыршақтар киюі керек. Барлық әрекеттерді басқаларға қарағанда тезірек және дұрыс жасайтын адам жеңеді. Жеңімпаз тағайындалады командир. Ол конвертті басып шығарады және балалардың келесі жолы қандай әскери бөлімге баратынын хабарлайды.	
2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті уақыты: 09.40 – 10.10				
	2.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі ҰІӨ тақырыбы: Ағаштарды не үшін отырғызады? ҰІӨ мақсаты: Балалардың жасыл-желектің адам мен жануарлар өмірінде атқаратын рөлінің маңыздылығы туралы экологиялық түсініктерін нығайту. Дағды: Тәжірибелік жұмысқа деген қызығушылығын күшейтіп, бақылау нәтижесін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілетін дамытуға дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ағаш түрлерін атап береді. Түсінеді: қалалар мен ауылдарда неліктен ағаш егетінін түсінеді. Қолданады: зерттеушілік қабілет қалыптасқан, ағаш егу тәсілдерімен таныс. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру. Миға шабуыл: Біздің жерімізді көріктендіріп тұрған не? 1.Егістікті көлемді Қоршай ектік еменді. Ескен желден егінді.	2. Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі ҰІӨ тақырыбы: Жеңіс күні. (өлеңді жаттау) Қайрат Жұмағалиев ҰІӨ мақсаты: Балалардың өлеңді жаттауға қызығушылығын арттыру. Жеңіс күні туралы түсінігін кеңейту. Мерекелік көңіл күйлерін ояту. Жеңіс күні туралы өлеңмен таныстыру. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Дағды: Өлеңді мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату. Өлең мазмұнына деген көзқарасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету, жаттатуға дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; Түсінеді: өлең мазмұнын түсінеді; Қолданады: өлеңді мәнерлеп жатқа айтады. Жұмбақтың шешімін айта алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Миға шабуыл: 9 Мамыр – Жеңіс күні мерекесіне иллюстрациялық суреттер,	2.Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекет ҰІӨ тақырыбы: «Түлкі мен Қоян» ертегісі. ҰІӨ мақсаты: Дыбыстық талдау жасауға үйрету; Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру. Дағды: Баланың сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамытуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөзге дыбыстық талдау жасайды, буынды жалғастырып сөз құрайды, сұрақтарға жауап беріп, ертегі мазмұнын айтады; Түсінеді: ертегі мазмұнын түсінеді; Қолданады: түлкінің құйрығын тауып, үзік сызықтарды қосады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Миға шабуыл: Жұмбақ жасыру: 1.Қырда жүрер ол жортып, Іні де жоқ бармайтын. Құйрығымен бұлаңдап, Қандай аң ол алдайтын? (Түлкі) 2.Көзі тостак, өзі қорқақ. (Қоян) Дұрыс айтасыңдар, түлкі – айлакер аң, ал қоян – қорқақ аң. Түсіну: Балалар, түлкіні жыртқыш аң десек, ал қоян жыртқыш аң емес. Қоян – өте қорқақ аң, қоянды Қоян – өте қорқақ аң, қоянды	2. Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі ҰІӨ тақырыбы: Жеңіс күні. (өлеңді жаттау) Қайрат Жұмағалиев ҰІӨ мақсаты: Балалардың өлеңді жаттауға қызығушылығын арттыру. Жеңіс күні туралы түсінігін кеңейту. Мерекелік көңіл күйлерін ояту. Жеңіс күні туралы өлеңмен таныстыру. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Дағды: Өлеңді мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату. Өлең мазмұнына деген көзқарасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету, жаттатуға дағдыландыру. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; Түсінеді: өлең мазмұнын түсінеді; Қолданады: өлеңді мәнерлеп жатқа айтады. Жұмбақтың шешімін айта алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Миға шабуыл: 9 Мамыр – Жеңіс күні мерекесіне иллюстрациялық суреттер, Ұлы Отан соғысы батырларының суреттерімен жұмыс. Түсіну:

		Қорғап тұрар ол енді. 2.Көше бойы аралас Қаптап өскен қара ағаш Жемісі жоқ болса да Саясы көп дара ағаш. Түсіну: Күнтізбеде бүгінгі ауа райын белгілеуге шақырады. Өліппе-дәптердегі тапсырмалардың көмегімен балаларды мәселені іздеуге, шешуге жұмылдыру: Жасыл желек дегеніміз не? Төңірегімізде ағаштың көп болғаны жақ. Өйткені біз тыныстайтын ауа таза болуы тиіс. Ал ол тек жасыл желегі көп өскен жерде ғана таза болады. Ағаштар мен гүлдер біздің көшелерімізге, ауламызға, балабақшамызға сән береді. Суреттерді мұқият қарап шығып, сұрақтарға жауап береді, өмірде көрген тәжірибелерімен бөліседі (ағаш егу). Жас көшеттерді қалай күту керектігін, ағашты неліктен егетінін түсіндіреді, талқылайды. Білу: Тәжірибе жасап көруге шақырады. Балалар тәжірибе жұмысына қатысады: ағаштардың қабығын, жапырақтарын үлкейткіш әйнекпен зерттеп шығады. Пікірлерімен, алған әсерімен, эмоцияларымен бөліседі. Ағаш егуге қажетті заттарды белгілейді. Ағаш суретін салады. Өзекті мәселе: Ағаштардың өсетін арнайы жерлерін бақылауға алу керектігін, адамдардың	Ұлы Отан соғысы батырларының суреттерімен жұмыс. Түсіну: - 9 Мамыр – Жеңіс күні! - Біздің батыр ағаларымыз бен апаларымыз елімізді, жерімізді жаудан қорғап қалды. - Ұлы Отан соғысына қатысқан батыр аға-апаларымызды атаңдаршы. - Жеңіс – соғыста жеңу, жеңімпаз болу деген сөз. Елімізді, жерімізді, Отанымызды жаудан қорғауға міндеттіміз. - Біз бүгін ақын Қайрат Жұмағалиевтің «Жеңіс күні» деген өлеңімен танысамыз. - Әдеби жанрдың бір түрі өлең екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Ойлап-ойлап тұрдым көп, Сауал бердім білгім кеп: – Қуанышты мереке – Жеңіс күні қай күн? – деп Атамнан да сұрадым, Апамнан да сұрадым. Тосты бәрі құлағын, – Дұрыс, – десті, – сұрағын. – Бейбіт күннің бәрі де, Жеңіс күні, шырағым. Білу: Сөздік жұмыс: <i>Бейбіт күн</i> – тыныштық. Есіңе сақта: Сұрақ-жауап: - Өлең қалай аталады? - Сендерге ұнады ма? - Өлеңде не туралы айтылған? - Қуанышты мереке қай күні екен? Поэзиялық сергіту сәті:	үйде де асырауға болады. Қазір осы қоян мен түлкі туралы орыс халқының ертегісімен танысамыз. Түлкі мен Қоян. Әуелде түлкінің құйрығы жоқ еді. Қасқырмен тату тұрмаған соң үнемі қашып жүреді екен. Жүрген ізін жасыра алмай киналыпты. Сол үшін Қасқыр Түлкінің артына еріп, аңдып жүріп, оның ініне түсіпті. Түлкі інінің екінші тесігінен шығып кетіпті. Шығып кетпесе, Қасқыр Түлкіні өлтіріп тастар еді. Түлкі орманда келе жатып, ағаш түбінде отырған Қоянды көреді. Ол мезгілде Қояндардың құйрығы ұзын, жүгірулеріне кедергі келтіреді екен. Сол жерде Қоян өзін ұстап алған Түлкіге: «Мені өлтірме, құйрығымды сыйға берейін», – деп жалыныпты. Міне, содан бері Түлкінің құйрығы ұзын, ал Қоянның құйрығы қысқа болып қалыпты. Білу: -Ертегі сендерге ұнады ма? -Ертегі де нелер туралы айтылған? -Ерте заманда Түлкінің құйрығы қандай болыпты? -Түлкі Қасқырмен тату тұрмаған соң не істеген? -Бір күні не болыпты? -Түлкі қалай құтылып кетіпті? -Әлден соң ағаш арасына кірген Түлкі нені көреді? -Сол жерде Қоян өзін ұстап алған Түлкіге не депті? -Иә, балалар, содан бері Түлкінің құйрығы ұзын болыпты, ал Қоянның құйрығы қысқа болып қалыпты.	- 9 Мамыр – Жеңіс күні! - Біздің батыр ағаларымыз бен апаларымыз елімізді, жерімізді жаудан қорғап қалды. - Ұлы Отан соғысына қатысқан батыр аға-апаларымызды атаңдаршы. - Жеңіс – соғыста жеңу, жеңімпаз болу деген сөз. Елімізді, жерімізді, Отанымызды жаудан қорғауға міндеттіміз. - Біз бүгін ақын Қайрат Жұмағалиевтің «Жеңіс күні» деген өлеңімен танысамыз. - Әдеби жанрдың бір түрі өлең екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Ойлап-ойлап тұрдым көп, Сауал бердім білгім кеп: – Қуанышты мереке – Жеңіс күні қай күн? – деп Атамнан да сұрадым, Апамнан да сұрадым. Тосты бәрі құлағын, – Дұрыс, – десті, – сұрағын. – Бейбіт күннің бәрі де, Жеңіс күні, шырағым. Білу: Сөздік жұмыс: <i>Бейбіт күн</i> – тыныштық. Есіңе сақта: Сұрақ-жауап: - Өлең қалай аталады? - Сендерге ұнады ма? - Өлеңде не туралы айтылған? - Қуанышты мереке қай күні екен? Поэзиялық сергіту сәті: Сергіту сәті: Қиынсынып қашпаймыз, Шынығамыз жастай біз. Көңілді әуен сазымен Жаттығуды бастаймыз. Иілеміз оңға бір,
--	--	--	---	--	--

		ағаштарды ысырапсыз сындырып, балалардың ойыншыққа айналдыратынынын, ормандардың азайып бара жатқанын бақылау кезінде балаларға айтып түсіндіру.	Сергіту сәті: Қиынсынып қашпаймыз, Шынығамыз жастай біз. Көңілді әуен сазымен Жаттығуды бастаймыз. Иілеміз оңға бір, Иілеміз солға бір.	Қолдану: -Енді ертегідегі «Түлкі» сөзіне дыбыстық талдау жасайық. -«Түлкі» сөзі неше буыннан тұрады? -Неше дауысты дыбыс бар? -Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейміз? -Ал дауыссыз дыбысты, көк түспен белгілейміз. Т – дауыссыз дыбыс. Ү – жіңішке дауысты дыбыс. Л – дауыссыз дыбыс. К – дауыссыз дыбыс. І – жіңішке дауысты дыбыс. Міне, балалар, біз «Түлкі» сөзіне дыбыстық талдау жасадық.Дидактикалық ойын: «Буынды жалғастыр». Ойын шарты: аң аттарының бірінші буынын ғана айтады, балалар соңғы буынынтауып, толық атын айтады. Мысалы, Түл – ..., қо – , қас – ..., кө – ..., мыр – ..., жол –	Иілеміз солға бір.
2 үзіліс – 10:10 – 10:40 Балалардың дербес іс-әрекеті Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып,балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады. Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары Басты мақсат: Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу.					

Шарты: Суреті бар кітапшаны алып, ішін ашып, ішінде балалар білетін деген суреттерді парак бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен), суретті нұсқап оның атын сұрайды. балалар жауап береді. Сол ереже бойынша қайталанады.



Мазмұны: Ортаға 1 қатысушы шақырылады. Мандайына сурет қойылады. Бұл суретті қарама – қарсы отырған бала мимика арқылы қатысушыға көрсетіп, түсіндіреді. Ал ойынға қатысушы оны табу керек болады.

уақыты: 10.40 – 11.10

«Түстері бойынша жыл

Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.

Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.

Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.

		мезгілдерін ажырат». Сендердің алдарында түрлі-түсті жолақтар жатыр, сол жолақтар арқылы түсіне қарап жыл мезгілдерін ажыратып айтындар. – Жаз мезгілін қандай түс білдіреді? – Күз мезгілін қандай түс білдіреді? – Қыс мезгілін қандай түс білдіреді? – Көктем мезгілін қандай түс білдіреді? – Міне, балалар, осы төрт мезгілдің ішінде жаз мезгілінде адамдар жайлауға көшеді. – Жайлауда адамдар қандай үйлерде тұрады? Оны біз жаңа әдемі көріністерден көрдік. Жайлауда малшылар тойы өтеді. Балалар қарақат, қойбүлдірген тереді. Білу: ақ түсті киіз үйдің сұлбасын қиямыз. – Қиып алған пішініміз қандай геометриялық пішінге ұқсайды? – Ал төбесі ше? Енді бөлек-бөлек бөліктерін қиямыз: – есігін; – бау-басқұрларын; – түндігін; – оюларын. Шығармашылық поэзиялық сәт: «Жайлау» туралы шағын әңгіме құрастыру тапсырылады. Сергіту сәті. Балалық-ау, балалық! Кел, бір ойнап тарайық! Бірім, бірім, бірім деп, Саусақты да санайық! Көзді тас қып жұмайық, Кім түрткенін табайық! Кел, жарыса шабайық!	Ой қозғау: «Жалпы атауын ата» дидактикалық ойынымен бастайды. 1.Дәрігер, аспазшы, тігінші – . . . 2.Гитара, домбыра, барабан – . . . 3.Шеңбер, үшбұрыш, төртбұрыш – 4.Автобус, трамвай, такси – . . . 5.Хоккей, волейбол, футбол – . . . Түсіну: Дидактикалық ойын: «Қайтала»(доппен) Балалар мен сендерге допты лақтырып бірінші дыбысты айқынырақ айтып сөздер айтамын, ал сендер сол айқынырақ айтқан дыбысты дәл мен сияқты бәрімізге естілетіндей етіп қайталап, допты кері лақтырасыңдар. Мысалы: ккқасқыр(қ), ккккітап(к), бббаққа(б), вввагон(в), ғғарыш(ғ), дддоп(д), жжжалбыз(ж), зззәкір(з), лллак(л), мммақта(м), нннан(н), сссағыз(с), пппарта(п), рррадио(р), фффабрика(ф), чччупа-чччупс(ч), щщциркуль(ц), һһһаһ(һ), шшшахмат(ш), тттиін(т), щщщетка(щ), хххат(х), уууылдырық(у).т.б. Балалар осы дыбыстарды айтқанда не байқадыңдар, дыбыстарды айту оңай болды ма? Ауыздан шығатын ауаға кедергілер жасалады екен. Ал ол кедергілер нелер? (ерін, тіл, тіс, т.б.). Бұлар қандай дыбыстар? Қолдану: Дидактикалық жаттығу: «Сөйлемге қажетті сөзді қос» – Мен сендерге бір сөзі жетіспейтін сөйлем айтамын, сендер мазмұны байланысатындай етіп сөз жалғауларың керек. 1.Көктемде жылы жақтан құстар ... 2.Дәрия ыдысты ... 3.Анам жұмыртқа ...	Еске түсіру сәті: Жаңылтпашты естеріне түсіріп қайталайды. Малға шөп керек, Шөп көп керек, Көк шөп керек. «Жайлау» суретін құрау. Берілген сөздерден сөйлем құрастырады: шөп, көп, жайылады, үй жануарлар, жейді, таулар,өзен, киіз үй. <i>Жайлауда шөп көп. Жайлауда үй жануарлары жайылады. Олар шөп жейді. Жайлауда таулар, өзен, киіз үй бар.</i> Түсіну:«Киіз үй» суретімен жұмыс. Киіз үй туралы қысқаша мәлімет беру. Жаңа сөздерментаныстыру. –Мынау не? –Мынау – киіз үй. –Киіз үйде не бар? –Киіз үйде сандық бар. Мынау – сандық. Мынау не? –Мынау – сандық. («Сандық» сөзін дұрыс айтып жаттығады). –Сандық ағаштан жасалады. Сандық неден жасалады? –Сандық ағаштан жасалады. –Мынау – сырмақ. –Мынау – ... (сырмақ). Сөзді жылдам, жай айтып есте сақтауға жаттығады. –Сырмақ әдемі. –Сырмақ қандай? –Сырмақ әдемі. –Сырмақ жылы. Сырмақ қандай? –Сырмақ жылы. –Сырмақ жүннен жасалады. Сырмақ неден жасалады? –Сырмақ жүннен жасалады. –Мынау – алаша. А-ла-ша. Мынау не? –Мынау – алаша. (Алаша сөзін	Эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру. Миға шабуыл: Біздің жерімізді көріктендіріп тұрған не? 1.Егістікті көлемді Қоршай ектік еменді. Ескен желден егінді. Қорғап тұрар ол енді. 2.Көше бойы аралас Қаптап өскен қара ағаш Жемісі жоқ болса да Саясы көп дара ағаш. Түсіну: Күнтізбеде бүгінгі ауа райын белгілеуге шақырады. Әліппе-дәптердегі тапсырмалардыңкөмегімен балаларды мәселені іздеуге, шешуге жұмылдыру: Жасыл желек дегеніміз не? Төңірегімізде ағаштың көп болғаны жақ. Өйткені біз тыныстайтын ауа таза болуы тиіс. Ал ол тек жасыл желегі көп өскен жерде ғана таза болады. Ағаштар мен гүлдер біздің көшелерімізге, ауламызға, балабақшамызға сән береді. Суреттерді мұқият қарап шығып, сұрақтарға жауап береді, өмірде көрген тәжірибелерімен бөліседі (ағаш егу). Жас көшеттерді қалай күту керектігін, ағашты неліктен егетінін түсіндіреді, талқылайды. Білу: Тәжірибе жасап көруге шақырады. Балалар тәжірибе жұмысына қатысады: ағаштардың қабығын, жапырақтарын үлкейткіш әйнекпен зерттеп шығады. Пікірлерімен, алған әсерімен, эмоцияларымен бөліседі. Ағаш еуге қажетті заттарды
--	--	--	--	--	--

			4.Аю балды ... 5.Орманда қасқырлар ... 6.Әкем қармақпен балық ... 7.Ернар қараторғайға ұя ... 8.Ағашқа торғайлар ... 9.Түлкі өте қу Білу: Спорт түрлерін ата. Дәл тигізді, жүйрік екен, жылдам жүзді сөздерін қатыстырып, сөйлем құра. Сөйлемнің сызбасын сыз. Суреттерді ата. Сөздерді буынға бөл. 3.Суреттерді сәйкес дыбыс сызбамен қос. Поэзиялық сәт: Екпінді марш Кім таңертең жаттығудан қалмайды, Сол ауырып дәрігерге бармайды. Түшкірмейді, ауырмайды ешқашан, Дені сау боп балалармен ойнайды. Саусақ жаттығуы Қолды алға созамыз, Алақанның сыртымен Шапалақты ұрамыз.	жеке, хормен айтып сөзді естеріне сақтайды). –Алашада қандай түстер бар? –Алашада қызыл түс бар. (Білетін түстерін айтады). –Мынау – домбыра. (Домбыра суреті көрсетіледі). –Мынау не? –Мынау – домбыра. Білу: Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Қ-қ-қ-к- дық-дық – әдемі сандық. Қ-қ-қ-к - мақ-мақ – сырмақ. Шағын мәтін құрап айтады: <i>Мынау – киіз үй. Киіз үйде сандық бар. Сандықағаштан жасалады. Киіз үйде сырмақ бар. Сырмақ әдемі, жылы. Сырмақ жүннен жасалады. Киіз үйде алаша және домбыра бар.</i> (3-4 бала мәтінді қайталайды.) Қолдану: Суретке қара. Сұраққа жауап бер. Киіз үйде не бар? Балаларға сұрақтар бере отырып сөйлемдер құрату. Мысалы: <i>Киіз үйде сандық бар.</i> Суреттерге қара. Атауында «Қ» дыбысы бар заттарды көк қарындашпен қорша. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Дидактикалық ойын: «Мен бес сөз білемін». «Жайлау» тақырыбы бойынша балалар 5 сөзайтады. Поэзиялық сәт: Орнымыздан тұрайық, Керегені құрайық. Уық болып иіліп, Киіз үйді құрайық.	белгілейді. Ағаш суретін салады. Өзекті мәселе: Ағаштардың өсетін арнайы жерлерін бақылауға алу керектігін, адамдардың ағаштарды ысырапсыз сындырып, балалардың ойыншыққа айналдыратынының, ормандардың азайып бара жатқанын бақылау кезінде балаларға айтып түсіндіру.
3 үзіліс – 11:10 – 11:20 Балалардың дербес іс-әрекеті					

Іс – әрекет арқылы балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.



Қимылды, еңбек ойын: «Күзетшілер»

Мақсаты: Балаларды білесіп жұмыс істеуге үйрету. Шапшаңдылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.

Әдістемелік нұсқаулар: Бұл ойынға қанша бала болса да қатыса алады. Екі ойыншы қақпаның күзетшілері болады. Екеуінің де көзі орамалмен байланады да, аралары бір адымдай қашықтықта қолдарын аяқастыра ұстап, қарама-қарсы «көпір» жасап тұрады.

Басқа балалар бір-бірлеп күзетшілер күзеткен қақпадан екеуінің ортасы арқылы білдірмей өтіп кетуге тиіс. Күзетшілердің сыртынан айналып өтуге болмайды. Егер күзетшілердің біреуі өтіп бара жатқанын сезіп қойса, оған қолын тигізеді, яғни ол ұсталып қалған болып есептеледі. Ұсталып қалған ойыншы өзін ұстаған ойыншымен орын ауыстырады. Қақпадан үш рет білдірмей ойыншыға жүзде беріледі.

Тәрбиеші: Рақмет балалар. Отан алдындағы әскери борыштарыңды абыроймен атқарытындарыңа мен кәміл сенемін. Бәріңізге бақыт тілейміз! Отанымыз гүлдеп, егеменді еліміз көркейіп өсе берсін!

4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

уақыты: 11.20 – 11.50

4. Музыка-шығармашылық әрекет
ҮІӨ тақырыбы: Ел қорғауға әзірміз.
ҮІӨ мақсаты: Музыка арқылы балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеу. Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу.
Дағды: Сюжетті ойындарды сахналауға үйрету, бейнелік би қозғалыстарын қолдана отырып, әндерді сахналауға дағдыландыру.
Күтілетін нәтиже:
Жасайды: бейнелік би қозғалыстарын қолдана отырып, әндерді сахналайды.
Түсінеді: эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу.
Қолданады: музыканың сипатына сәйкес қозғалады.
Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану.

4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі
ҮІӨ тақырыбы: Көшбасшы бол.
ҮІӨ мақсаты: Себетке доп лақтыру, лақтыру кезінде аяқты жазып барып итерілу, бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйретуді жалғастыру. Сызықтан-сызыққа алшақ аттап жүгіруде ауада қалықтап, жеңіл жүгіру үшін екпінмен итеріле білуді жалғастыру.
Дағды: Гимнастикалық қабырғаға қиғаштап өрмелеп, сатыдан-сатыға әртүрлі аттап, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіріп, сатыдан дұрыс ұстанып өрмелеу дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.
Күтілетін нәтиже:
Жасайды: кинезиологиялық гимнастика, алшақ аттап жүгіру, допты себетке лақтыру, остеопатиялық жаттығулар.
Түсінеді: бір орында тұрып екі қолмен кеудеден апарып, себетке доп лақтыру, қауіпсіздік ережелерін сақтау, аяқты сүйеп қойып,

4. Музыка- шығармашылық әрекет
ҮІӨ тақырыбы: Жас ұландар.
ҮІӨ мақсаты: Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру.
Дағды: Қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату. Музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би ойластыру.
Күтілетін нәтиже:
Жасайды: ән орындайды, музыка сипатына сәйкес таныс би қимылдарын қолданып, би билейді.
Түсінеді: әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату.
Қолданады: ойын ойнаудың қарапайым дағдыларын, аспаптарда ойнайды.
Ойлау деңгейі: білу, түсіну,

4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі
ҮІӨ тақырыбы: Шабандоздар.
ҮІӨ мақсаты: Бала ағзасының барлық жүйелерін жарыс қимылдарын (эстафеталарды) орындау арқылы жаттықтыру. Қимыл әрекеттердің өз бетімен еркін орындалуын жалғастыру.
Дағды: Тік қойылған баспалдаққа сатылар арасымен өрмелеуге жаттығу. Қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруін дамыту. Ұлт тарихы, халық мәдениетіне деген құрметке, білім-білік дағдыларын қолдана алуға, жұппен жұмыс, эстафеталарда басқалармен әрекет ету ережелерін сақтай білуге тәрбиелеу.
Күтілетін нәтиже:
Жасайды: арқа аурулары мен жалпақтабанның алдын алуға арналған жалпы дамыту жаттығулары.
Түсінеді: «шабандоз» терминін, эстафета ережелерін, командада,

		Қолдану: Балалар музыка залына Б. Бейсенованың «Жеңіс күні» (үнтаспада) әнімен кіріп, төрт қатарға орналасып, жалаушалармен жаттығу жасайды. Аяқты нық басып, марш екпінімен жүреді. Түсіну: <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова). Балалар шеңбер бойында жүріп, аттың шабысын музыкамен жасайды. Жеңіл, ойнақы қимылдайды. Білу: Жеңіс күні туралы көріністер көріп, еліміздің батырлары туралы мәлімет алады. Жауды жеңген батыр ағаларымызды мақтан тұтып, болашақ Отан қорғайтын азамат болуға ұмтылады. <i>Музыка тыңдау:</i> «Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев). Ән айту: «Момышұлы Бауыржан» (Е. Өміров). Балаларға Бауыржан атамyzдың майдандағы ерлігі туралы мәлімет беру, суретін көрсету. Батыр атамyzды мақтан тұтып, әрқашан есте сақтау. Әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.	баспалдақтармен көлбеу қиғаш түсу. Қолданады: әртүрлі жүктемеде тиімді де бірқалыпты тыныс алу дағдылары; топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындау, аяқты сүйеп қойып, баспалдақтармен көлбеу қиғаштүсу, кеңістікті бағдарлау дағдылары. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Кинезиологиялық гимнастика Құлақ қалқанын укалау. Құлақтарды уқалаймыз, Сипалаймыз, мыжғылаймыз... Алдымен құлақтарының сырғалығын, құлағынтолық уқалайды. Басын шайқау. Басымызды шайқаймыз, Шайқалмаймыз, байқаймыз! Иықтарын жазып, көздерін жұмып, бастарынтөмен қаратып салбыратады. Терең демалып, бастарын екі жаққа баяу қозғалтады. Бас изеу. Бас изейміз, жақсылықтықостаймыз, Мамандықты қасымызғақоспаймыз! Бастарын баяу бір жақ иығына қарай апарып, алдыға-артқа қозғалтып, изей бастайды. Екі иығына кезек-кезек апарып, изейді. Еркін тыныс алады. Мойын-нек. Басты төмен түсіріп, Айналдырып шайқаймыз! Иектерін мүмкіндігінше төмен түсіреді. Иықтарын босатады. Көздерін бақырайтып, иықтарын көтеріп, бастарын екі жаққа кезек-кезек қисайтып қозғалтады. «Баспана». Бірлесіп үй саламыз, Тату-тәтті баламыз! Саусақ бастарын түзулеп,	қолдану. Қолдану: <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова). Балалар шеңбер бойында жүріп, аттың шабысын музыкамен жасайды. Жеңіл, ойнақы қимылдайды. Балалармен Отан қорғаушылар – ұландар туралы интерактивті тақтадан көріністер көру. Түсіну: <i>Музыка тыңдау:</i> «Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев). Музыка тындап, қандай әсерде болғандарын сұрап, балалармен сұхбаттасу, әсерлерімен бөлісу. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. Ән айту: «Балаларды қорғаймыз» (А. Досмағанбет). Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларды кімдер қорғайды? Өскенде сендер Отанымызды қорғайтын, кішілерге қамқор, нағыз батыр боласындар. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Ойындар, хороводтар: «Алтын қақпа» (Т. Сарыбаева). Ойын шартын түсіндіреді. Балалар жұптасып, бір-біріне қарап тұрады. Көңілді әуен ойналып, балалар жұптарымен қол ұстасқан күйі "Алтын қақпа" жасап, бір қатарға тұра қалады. Ойын бастаушы немесе тәрбиеші ойынды жалғастырады. Әуен ойналғанда қақпа ортасымен өтіп, өзіне жұп таңдап алып, қақпаның соңына тұрады. Жұпсыз қалған бала дәл солай	топта өз әрекетінөзгелермен үйлестіруді, фитболмен секіргенде жерден екпінмен итеріліп, қайта аяқ басымен жұмсақ түсуді. Қолданады: бастапқы қалыпқа дұрыс келу, фитболды заттардың арасымен алып жүру, жерден көтерілген жазық бетпен жүргенде тепе-теңдік сақтау, сапқа тұру, қайта сапқа тұру,заттардың арасымен жорғалау. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Арқа омыртқаның қисаюы мен жалпақтабанның алдын алу. Балалар бірнеше тізбекке өз орнын есте сақтап, сап түзеп тұрады. Белгі бойынша шашырапкетіп, қалауынша қимылдар жасайды. Қайтадан белгі бергенде өз орнына тез келіп тұра қалуы керек. 1.Бастапқы қалып (Б.к.): 1-2 қамшыны жоғары көтеріп, оң (сол) аяғын артқа жіберіп,аяқтың ұшымен өкшесін өзіне тартып созылып – демін ішіне тартады да, 3-4 – б.к. 8 рет қайталайды. 2.«Бір жағына еңкею» Б.к.: аяқты айқастырып отыру, қамшы жоғарыда, 1-2 – оңға (солға) еңкею, қамшыны жергетигізу, 3-4 – б.к. 6 рет қайталау. 3.Б.к. шалқалап жатып алып 1- қамшыны жоғары көтеру, 2-екі аяқты бірдей сермеп, аяқтыңұшын қамшыға тигізу. 3-4 – б.к. 8 рет қайталау. 4.Б.к. қамшыны арт жағына қолын төменге түсіріп ұстау. 1-2 – қамшыны жоғары көтеріпөтыру. Арқаны тік ұстап, тізені ашу, өкшені көтеру. 3-4 – б.к. 8 рет қайталау.
--	--	---	--	--	---

		біріктіріп тұрады. Оң қолдың саусақтарымен сол қолдың саусақ бастарын қатты басада. Әр жұп саусақтарға осындай қимылдарды орындауға жаттығу. Түсіну: Себетке доп лақтыру. (3 рет) Допты кеуде тұсында ұстап тұрып, ілгері-төменге қарай доға жасай отырып түсіріп, қолын қайта жоғары көтеріп түзеп, қолдарының басы мен саусақтарын аша отырып, допты екпінмен себетке бағыттап лақтырады. Баскетбол қалқанынан 2,5 метр қашықтықта тізбектерге тұрады. Бастапқы қалыпқа дұрыс тұрады. Аяқтарын иық еніндей қашықтыққа қойып, бір аяғын жарты қадам ілгері орналастырады. Салмақты екі аяққа бірдей бөліп, денені алға бұрады. Қолдарын шынтақтан бүгіп, денеге жанай таяу ұстайды. Допты бір орында тұрып, себетке екі қолмен кеудеден итеріп лақтырады. Білу: Остеопатиялық жаттығулар Бастапқы қалып: аяқтарын иық еніндей қойып тұру. Оң қолды алдына созып, аздап бүгеді. Сол қолды оң қолдың шынтағына қойып, ақырын басады, оң қолдың шынтақ буынын мүмкіндігінше сол иыққа жақындатады. 10–15 секунд қайталап орындайды. Бастапқы қалып: аяқтарын иықтың мөлшеріне қойып тұру, қолдарын артына түйістіріп ұстап, ақырындап жоғары көтеру. Қолдарын шынтақта бүкпей, 10–15 секунд орындайды. Бастапқы қалып: аяқтарын иық еніндей ашып қойып тұру, қолдарын жоғары көтеріп, оң қолын шынтақтан бүгіп, қол басын мойынның артына қойып, сол қолмен оң қолдың шынтағынан	ойынды жалғастырады. Кенеттен әуен тоқталады, жұп тауып үлгермеген бала өз айыбын өнер көрсетіп өтейді.	5.«Қамшыны тізеге қою». Б.қ.: қамшы төменде, 1 – қамшыны жоғары көтеру, 2 – бүгілген сол аяқты көтеру қамшыны тізеге апарып, 3 – қамшыны жоғары көтеру, арқаны түзу ұстау. Аяқты түсіру. 4 – б.қ. орнықты тұрып, аяқ ұшын тарту. 5 рет қайталау. 6.Б.қ.: қамшыны табанымен қысып отыру, 1 – тізені бүгіп, жоғары көтеріп, денені оңға-солға бұру. 5 рет қайталау 7.Б.қ.: жерде отырып, еңкейіп, қамшымен оң (сол) аяқтың ұшын іліп алып, мүмкіндігінше жоғары көтеріп, ұстап тұру. 5 реттен қайталау. 8.Б.қ.: отырып алып аяқтың ұшымен қамшыны жинау. 9.Б.қ.: жерде жатқан қамшыдан оң (сол) қырымен секіру. 10 секіруді 2 рет қамшыдан аттаумен алмастырып қайталау. Түсіну: «Жылан» Фитболды заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру. Белгі бойынша алғашқы ойыншы заттардың арасымен модульды айналып, фитболды алып жүреді де, қажетті жерге жеткен соң дәл сол тәсілмен қайта қайтып, қолындағы фитболды келесі ойыншыға береді. Ойыншылар екі аяқпен бірдей екпіндеп сырғып жүруге тырысады Білу: Қимыл-қозғалыс ойыны : «Шеңбер» (3 рет). Құрсауларды шеңбер бойымен орналастырып қою. Ойыншылар өз құрсауларына тұрады. Әр құрсауда тек 2 ойыншы тұра алады. Бір ойыншы үлкен шеңбердің дәл ортасында тұрады. Белгі бойынша ойыншылар өз құрсауларына жүгірген кезде ортадағы ортадағы
--	--	---	--	---

			ұстап, солға қарай бірнеше рет тарту. Сосын қолдарын ауыстырып, жаттығуды жалғастырады.		«үйі жоқ» ойыншы кез келген құрсауға тұрып алады. Артық ойыншы енді ортаға тұрып, өзіне үй іздейді. Осылайша ойын жалғаса береді.
4 үзіліс – 11:50 – 12:30 Балалардың дербес іс-әрекеті Ойын: «Әскери мамандықтар» Мақсаты: Оқушыларға Ұлы Отанды сүйеге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын, елін қорғай білуге тәрбиелеу. Сөздік қорын молайту, іскерліктерін дамыту.					
			Ойын: «Әскери мамандықтар» Мақсаты: Оқушыларға Ұлы Отанды сүйеге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын, елін қорғай білуге тәрбиелеу. Сөздік қорын молайту, іскерліктерін дамыту. Әдістемелік нұсқаулар: Мұғалім балаларға әскери мамандықтар туралы өлеңдер оқиды. Ол өлеңдерде айтылған мамандықтарды атауды және әскери кәсіптердің басқа атауларын еске түсіруді ұсынады. Шекарашы Шекараны қорғау маңызды! Шекарашылардың аты. Адал итпен олар Отанға батыл қызмет етеді. С. Чертков Ұшқыш Ұшқыш өз ісін біледі, аспанда ұшақ жүргізеді. Ол батыл ұшып, жер үстінен ұшады. С. Чертков Теңізші Теңізші кемеде жүзіп жүр, ол жерді аңсамайды. Ол желмен және толқынмен дос, өйткені теңіз — оның туған үйі. С. Чертков Әрі қарай мұғалім балаларға сөздерді — кәсіптердің аттарын буындарға бөлуді ұсынады. Мысалы: шекарашы, барлаушы, теңізші, сарбаз, о-фи-цер.		
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 11.50 – 12:00		Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуника-тивтік әрекет (Еркежан, Нұрым, Аян) осы балалармен жұмыс жүргізу. Мақсаты: сөздік қорын байыту. Жаңылтпашты қайталау. Малға шөп керек, Шөп көп керек, Көк шөп керек.	Сауат ашу негіздері – коммуникативтік, танымдық әрекет (Ибраһим, Аяжан) осы балалармен жұмыс жүргізу. «Жалпы атауын ата» дидактикалық ойын 1. Дәрігер, аспазшы, тігінші – . 2. Гитара, домбыра, барабан – 3. Шеңбер, үшбұрыш, төртбұрыш – 4. Автобус, трамвай, такси – . . 5. Хоккей, волейбол, футбол – Мақсаты: Сөздердің жалпы атауын атауға, сөздерді буынға бөлгізуге, сөздің дыбыстық сызбасын сызуға жаттықтыру арқылы зейіндерін дамыту.	Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет (Батыржан, Ажар) осы балалармен жұмыс жүргізу. Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, сөздік, тілдік кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту .	Қоршаған ортамен таныстыру – коммуникативтік әрекет (Баланың отбасы және қоғам) (Арнұр, Сұлтан) осы балалармен жұмыс жүргізу. «Ағаштарды не үшін отырғызады?» Мақсаты: Балалардың жасыл-желектің адам мен жануарлар өмірінде атқаратын рөлінің маңыздылығы туралы экологиялық түсініктерін нығайту.

Серуенге дайындық	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету				
		Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 12.00 – 12:30		Сәуір Серуен-Бақылау № 21 Жәндіктерді бақылау <i>Мақсаты:</i> «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. <i>Бақылау барысы</i> <i>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:</i> -Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) -Қанды сорып сүліктей, Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) -Ызындап ән салып, Жұп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) -Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) -Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) Тәрбиеші сұрақтары. ♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (<i>көбелек, құрт т.б</i>) ♦ Қандай жәндік гүлдерді тозандандырады? (аралар)	Сәуір Серуен-Бақылау № 22 Ауа-райын бақылау <i>Мақсаты :</i> Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз. А.Меңдібай</i> <i>Мамыр айы келгенде, Дала гүлге толады. Жайнап барлық атырап, Қызық-думан болады. Бақшамызда біз еккен, Гүл шоқтары гүлдейді. Жапырақтар сыбдырлап, «Қандай көркем, көр»–дейді.</i> Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді. ♦ Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?(көктем). ♦ <i>Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр,жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр)</i> ♦ Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? (<i>күн жылығандықтан</i>) ♦ Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем) ♦ Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады)	Сәуір Серуен-Бақылау № 23 Кемпірқосақты бақылау <i>Мақсаты:</i> өлі табиғаттың бір бөлігі ретінде кемпірқосақ туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. Жарқылдан соң жаңағы, Суға бөкті бар алап. Көкте түрлі жолақты, Өрнек тұрды ғаламат. (кемпірқосақ) Жаңбыр жуды жерімді, Көкте өрмек керілді. (кемпірқосақ) Жаңбыр жауып, күннің көзі көрініп тұрған мезгілде аспаннан кемпірқосақты байқауға болады. Ол жаңбыр тамшылары арасынан күннің сәулесі өткен уақытта көрінеді. Жаңбыр тамшылары неғұрлым үлкен болса, кемпірқосақ соғұрлым анық көрінеді. Кемпірқосақта жеті түс бар: қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін. Бұлар барлық уақытта осы бір ретпен орналасады. Балаларға сұрақтар: ♦ Кемпірқосақ қай уақытта пайда болады ? ♦ Ол қай уақытта жоғалады? ♦ Кемпірқосақ қандай құбылыс, қалай пайда болады? Тәрбиеші балаларға тапсырма береді. Асфальт	Сәуір Серуен-Бақылау № 24 Найзағайды бақылау <i>Мақсаты:</i> «Найзағай» ұғымымен таныстыру; Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру; Сөздік қорларын байыту; — Бақылағыштықтарын дамыту. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады Аспанда от қамшы осады, Ащы үнін ышқынып қосады. Дүрліктіріп алапты, Шақпақ тастың жарқылы, Бұлт көрпесін жыртады. Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен? Найзағай қай кезде ойнайды? Аспан неге күркіреді? Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады) Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырсқалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады) Қалай ойлайсыңдар, найзағай неден пайда болады? Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тогы жиналады. Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны. Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің күркіреуі пайда болады.күн

		♦ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) ♦ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (<i>бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.</i>) ♦ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (<i>ара, жібек құрты, құмырсқа</i>). ♦ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа) ♦ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) ♦ Зерттеу жұмысы Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау. Еңбек: Аланды қоқыстардан тазалау. <i>Мақсаты:</i> үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу. Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». <i>Мақсаты:</i> кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. <i>Мақсаты:</i> жүкіру техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады.	♦ Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк) ♦ Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр). ♦ Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді? ♦ Жаңбыр қандай температурада жауады? ♦ Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды). Еңбек Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу. <i>Мақсаты:</i> кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру. Қимылды ойын «Үшінші артық». <i>Мақсаты:</i> ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту. <i>Мақсаты:</i> — Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; — Қозғалыс координацияларын сақтау; Мақал-мәтел -Сәуір айы-су айы, Мамыр айы- гүл айы. -Көктемгі жауын артық болмас.	бетіне түрлі-түсті борлармен кемпірқосақтың суретін салу. Еңбек: Балабақша ауласын қоқыстан тазалау. <i>Мақсаты:</i> аула тазалаушыға көмек беру, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Қасқыр қақпан». <i>Мақсаты:</i> Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру. Халық болжамы. <i>Кемпірқосақ кешке көрінсе, ертесіне күн ашық болады</i>	күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды. Зерттеу қызметі Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықтыры мен айырмашылықтарын табу. «Найзағайлы жаңбыр» Ө. Ақыпбекұлы Нөсерлеп жаңбыр басталды, Науада қалқып қақ қалды. Найзағай тынбай жарқылдап, Нөсер тұр құйып сатырлап. Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер) Еңбек 1 топ- ауланы тырмамен тазалау; 2 топ-қоқыстарды шығару <i>Мақсаты:</i> Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету; Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру. Қимылды ойын «Өз ағашыңды тап». <i>Мақсаты:</i> ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету. Жаттығу ойыны «Ағаштан ағашқа дейін». <i>Мақсаты:</i> екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру Халық болжамы: <i>Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады.</i> <i>Қарлығаш келсе күн күркірейді.</i>
--	--	---	---	--	---

Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.30 – 12.40					
«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 12:30-12:40		<i>Ата –аналарға кеңес</i> Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз- жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.

Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі: